



2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 12 желтоқсандағы № а-12/317 қаулысы

Қазақстан Республикасының әлеуметтік Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және "Арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу қағидасын бекіту туралы" 2024 жылғы 28 желтоқсандағы № 504 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген Қағиданың 4-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35569 болып тіркелген), Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Ерейментау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 болып тіркелген), 2026 жылға жан басына шаққандағы тарифтің есептеулерін жүргізсін.

2. 2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтер осы қаулының шарттары сәйкес бекітілсін.

3. "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге тарифтерді бекіту туралы" 2025 жылғы 02 қыркүйектегі № а-8/192 Ерейментау ауданы әкімдігінің қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ерейментау ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Ерейментау ауданының әкімі

Н.Мұқатов

Ерейментау ауданы
әкімдігінің 2025 жылғы
12 желтоқсандағы
№ а-12/317 қаулысына
қосымша

2026 жылға бір қызмет алушыға арнаулы әлеуметтік қызметтерге жан басына шаққандағы тариф

		Көрсетілетін қызметті алушының түрлері	

№	Мекеме түрлері	Кіші түрі	Көрсетілетін қызметті алушының жағдайы	1 қызмет алушыға 1 күнгі тариф (тенге)
1	2	3	4	5
1.	Үйде қызмет көрсету	Қарттар, мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар және психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдар	130 адам	2245,37

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК